КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 22 мамыр №2301-25-00-2/486 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің «Қоғамдық келісім» Республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Ақжан» Даметкен Сагынгалиевна Гумарова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 81 785 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілдері Т.Б.Амантаев, А.Т.Кемелев
Жауапкер өкілі К.А.Чурин

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 26 маусымда мемлекеттік сатып алу туралы №105 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «Бір ел» ҚХА-ның тарихи-ағартушылық жастар жобасын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметтерді көрсетуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 10 192 000 теңге. Шарттың орындау мерзімі – тапсырыс берушінің өтінімдері бойынша шарт күшіне енген сәттен бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, қызметтер толық көлемде көрсетілмегенін, 2024 жылғы 27-29 қарашада Атырау қаласында «Бір ел» ҚХА-ның тарихи-ағартушылық жастар жобасын ұйымдастыру бойынша

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

қызмет көрсетілгендігін айтып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талапты ішінара мойындап, 7 000 500 теңге көлемінде қызмет көрсетілгендігін түсіндіріп, тұрақсыздық айыбын төлеуге келісетіндерін, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танымауды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) (2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі қолданыста болған) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 26 маусымда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №105 келісім-шарт жасақталған. Орындау мерзімі – тапсырыс берушінің өтінімдері бойынша шарт күшіне енген сәттен бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

2024 жылғы 13 желтоқсанда Тапсырыс беруші қорытынды есепті қарау қорытындысы бойынша ЖК «Ақжан» жеткізушісіне мемлекеттік сатып алу порталы арқылы, міндеттемелерді тиісінше орындамау туралы №07/641шығыс хатын жолдаған.

Талап қоюшы өкілдері сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде толық көлемде орындалмай, жұмыстар ішінара, 7 000 500 теңге көлемінде ғана жасалғандығын, қалған көлемдегі жұмыстар жасалмағандығын, нәтижесінде талап қоюшы үшін

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 29.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 30.06.2025, судья Султангалиева А. Е., 14.07.2025

2301-25-3-1/499

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жағымсыз салдар пайда болғанын түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысында талапты толық мойындап, тауарды жеткізбегенін растады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден 81 785 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын анықтады.

Бұл жағдайда, жауапкерден жиырма тоғыз кешіктірілген күн үшін (2024 жылғы 27 қарашадан-25 желтоқсанға дейін) 81 785 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 4 420 (1 966+2 454) теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің «Қоғамдық келісім» Республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Ақжан» Даметкен Сагынгалиевна Гумарованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 81 785 теңге өсімпұл өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Ақжан» Даметкен Сагынгалиевна Гумарова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Ақжан» Даметкен Сагынгалиевна Гумаровадан мемлекет кірісіне 81 785 (сексен бір мың жеті жүз сексен бес) теңге тұрақсыздық айыбы, 4 420 (төрт мың төрт жүз жиырма) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 29.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 30.06.2025, судья Султангалиева А. Е., 14.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 29.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 30.06.2025, судья Султангалиева А. Е., 14.07.2025

«Төрелік» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «Төрелік»
Судопроизводство

2301-25-3-1/499